

Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№45 (944)

15.11.2019

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БАСПАСӨЗ-2020

«АЛАТАУ»

ОҚЫЛЫМДЫ БАСЫЛЫМ

АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АЙТҚАНДАЙ, «ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ ҺӘМ ҚҰЛАҒЫНА» АЙНАЛҒАН, ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРҒА ЖАЗЫЛУ ҮШІН БАСПАСӨЗ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ. ЗАМАН АУЫСЫП, УАҚЫТ ТАЛАБЫ ИНТЕРНЕТКЕ БАЙЛАНҒАН КЕЗЕҢДЕ «ОСЫ ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДЫҢ, НЕ КЕРЕГІ БАР» - ДЕП ЖҮРГЕНДЕР ҚАТТЫ ҚАТЕЛЕСЕДІ. СЕБЕП, ДАМЫҒАН МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДЕ ГАЗЕТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ САНЫ АРТПАСА КЕМІГЕН ЖОҚ.

Ал, Тәуелсіз Қазақстанда елді мекендердің көбінде интернет желісі қосылмаған, ал газет оқырмандарының көбі ауылды жерлерде, шалғайдағы мекендерде тұрады. Шынтуайты айтқанда, газет қалаға да, далаға да ауадай қажет. 2000 жылдың тамызынан бастап жарық көрген «Алатау» қоғамдық саяси газетіне келер жылы 20 жыл толады. Алла бұйырса, бұл шараны да атап өтерміз. Оқырмандар жүрегіне жол тауып, халықтың мұң-мұқтажын арқалаған басылым Талдықорған қалалық Қазпошта бөлімінің басшысы Бағлан Мусин мен қызметтерді ілестіру бөлімінің бас маманы Айгерім Маликбазаровамен жүздесіп, Талдықорған қаласы

бойынша баспасөзге жазылу қалай жүріп жатқанын сұрады.

Бағлан МУСИН, Талдықорған Қазпошта бөлімінің басшысы: -Баспасөзге жазылу науқаны енді қарқын ала бастады. Оның ішінде «Алатау» қоғамдық саяси газеті де бар. Қала бойынша Алатауға 600 дана жазылуы тиіс. Бізде 17 пошта бөлімшесі бар, соларды бүгін түгел аралап шығуды жоспарлап отырмыз. Жақында ғана осы орталық поштада газет-журналдарға жазылуға қатысты акция ұйымдастырдық. Оған сіздер қатыспадыңыздар. Мұндай мүмкіндікті жіберіп алмау керек. Жоспар тізімделді. Желтоқсан айының 20-сына дейін уақыт бар, өздеріңіз де үгіт-насихатты жалғастырсаңыздар, нұр үстіне



нұр. «Алатау» газеті оқылымды басылым. Сондықтан оның оқырмандары да азаймайды деген ойдамын.

Айжан МАЛИКБАЗАРОВА, қызметтерді ілестіру бөлімінің бас маманы: - Баспасөзге жазылу бойынша қазіргі таңда «Ана тілі», «Жас Алаш», облыстық «Жетісу» газеті 2 пайызға, Қазправда 1 пайызға, «Оғни Алатау» 3 пайызға көтерілген.

Бүгінгі таңда баспасөзге жазылу бағасы да халық көңілінен шығып тұр. Қай мекеме көп жазылып жатыр десеңіз, мұғалімдер белсенділік танытуда.

Ал, «Алатау» қоғамдық-саяси газетіне жазылушылар саны биыл да арта түседі деген сенімдемін. Өйткені, бұл газетте ел ішіндегі түйткілді дүниелер мен әлеуметтік негіздегі, жалпы барлық саланы қамтитын оқылымды материалдар көп жазылады.

Елдің көзі мен құлағы болған "Алатаудың" алар асуы алда деген үміттемін. Осы басылымның тұрақты оқырманы, әрі пошта маманы ретінде алдағы жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатқанын баса айтқым келеді.

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2020 жылға жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы

1 жылға – 3640 теңге.

облыстық маңызы бар қалалар үшін

1 жылға – 4470, 20 теңге.

ауыл тұрғындарына

1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2020 год

на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции

1 год – 3640 тенге.

для города областного значения

1 год – 4470, 20 тенге.

для сельского населения

1 год – 4700, 80 тенге.

Индекс: 15534

ӘЛЕУМЕТ

ЖИЫРМА БІР МЫҢНЫҢ ЖЫРЫ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР КӨЗ ЖАС-ТАРЫН КӨЛДЕТІП, АУДАНЫҢ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕСІН ТОРУЙЛДАП ЖҮР. СЕБЕП, АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ АЛА АЛМАУДА. ҚАРАШАНЫҢ ҚАРА СУЫҒЫНДА ОТЫН, СУ ТҮСІРЕ АЛМАЙ, ПӘТЕР АҚЫСЫН ТӨЛЕЙ АЛМАЙ ШУЛАҒАН АНАЛАР АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖҮГІНГЕН.



Айғай-шу облыс орталығының іргесінде тұрған Ескелді ауданынан шықты. 700-ге жуық көпбалалы ана қыркүйек айында атаулы әлеуметтік көмекті бір рет алып, одан кейін екі айдың жүзі болса да әлеуметтік көмектің көздерінен бұлбұл ұшқандарын айтуда. Бір қызығы аудандық жұмыспен қамту бөліміндегілер 55 анаға 4 миллион 111 мың 588 теңге аударылғандығын, ал қалған 700 анаға аударатын ақша жоқтығын айтқан. Алайда, күнде поштаға келіп, ұзын-сонар кезекке тұрамыз, шотымызға көк тиын да түспеді деген 55 ана кімге сенерлерін білмей, дал болуда. Ауданның Қазпошта бөлімшесі де әлеуметтік көмектің пошта шотына түспегенін айтады. Ай мен күннің аманында аудандық жұмыспен қамту және байланыс бөлімшесіне сабылған аналар, прокуратура органдары жұмыспен қамту бөлімін мұқият тексерсе дейді. Көпбалалы

аналар ұлардай шулағаннан кейін ақпарат көгілдір экранға жол тартқанда 55 анаға тиесілі көмек ауданның поштасына түскенін хабарлапты. Сонда қалай болғаны, телевидение бармаса, біз ақшаны аударғанбыз, біздің шаруамыз жоқ деп отыра берулері керек пе, ауданның жұмыспен қамту бөлімі. Күнде-күнде Қазпоштаға келіп ақшаларын қудалап жүрген аналар ұзынсонар кезекке тұрып шоттарын тексеруден әбден шаршағандарын айтады.

Наргиз ҚАЛИЕВА, көпбалалы ана : «Ақша түссе алсам жақсы, түспесе қайтадан суық үйге барам ба? Пәтеракымды да төлей алмай жатырмын, бесінші балаға жүктімін» деп көзжасын көлдетті. Ал қалған 700 анаға тиесілі әлеуметтік көмекті қашан

зекке тұрып шоттарын тексеруден әбден шаршағандарын айтады.

Наргиз ҚАЛИЕВА, көпбалалы ана : «Ақша түссе алсам жақсы, түспесе қайтадан суық үйге барам ба? Пәтеракымды да төлей алмай жатырмын, бесінші балаға жүктімін» деп көзжасын көлдетті. Ал қалған 700 анаға тиесілі әлеуметтік көмекті қашан

алатындары да әлі белгісіз. Олар ақы төленбегендердің тізімінде.

Маржан ҚАЛИЕВА: «Қыркүйекте бір рет алдық, одан кейін мүлде алмадық. Міне екі ай болды күтіп жүрміз».

Айжан ЖАБАНАЕВА: «Бұл жерге жетіс-кеннен келіп тұрғамыз жоқ. Балаларымыз жаурады, әлі көмір алған жоқпыз. Үй салқын. Бала-шағамызды шұбыртып мында келсек, бұл жерде суық» деген көпбалалы аналар әбігерге салып қойған аудандық жұмыспен қамту бөліміне қапалы екендерін ашына айтуда.

Асхат БЕЙІСБАЕВ: «Бұл кісілерге беретін ақша жоқ. Ақша ауданның қаржы бөлімінде өңдеуде (обработка) жатыр. Бүгін-ертең шотымызға түссе, 700-ге жуық ана алатын болады», - дейді.

Біздің қоғамда адамдар ұлап-шулап бас көтермесе, еш нәрсе уақытында шешілмейтін болған ба?, - деген ойға қаласың. Әйтпесе деймін-ау, осы көпбалалы аналарды күнде байланыс бөлімшесіне сабылтып қоймай, аудандық жұмыспен қамту және байланыс бөлімшесі бірлесіп бір ретке келтіруге болар еді. «Біз қаражатты аударып жібердік шаруамыз жоқ десе, екінші тарап пошта шотына ақша түскен жоқ» деп көпбалалы аналарды неге шулатып жүр. Сонда, аударылған қаржы ауада қалып жүрді ме?

Айтақын МҰХАМАДИ

БАЙҚАУ

Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында ұлттық киімді ұлықтайтын, «Үкілі серуен» байқауы өткізілді.



«ҮКІЛІ СЕРУЕН»

МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Аталмыш байқау алдымен өңірдің барлық жерінде іріктеу кезеңі ретінде өткізіліп, жеңімпаз атанған үміткерлер облыстық байқауға жолдама алған. Жобаға әртүрлі жас мөлшеріндегі киімдер үлгісін тігу шарты қойылған. Атап айтқанда үміткерлер кішкентай ұл мен қыздың, жасөспірім ұл мен қыздың, бозбала мен бойжеткеннің, жігіт пен қалыңдықтың, егде ер адам мен егде әйел адамға, ата мен әженің киімін тігіп жарысқан.

Байқаудың іріктеу кезеңдері бекітілген кестеге сай облысымыздың бес ауданында өтті. Үштөбе қаласында Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары мен Текелі, Талдықорған қаласы қатысып, барлығы 15 үміткер киім үлгілерін көрсетсе, Сарқан қаласында Алакөл, Ақсу, Сарқан аудандарының қатысуымен 14 үміткер байқауда өз киім үлгілерін жұртшылық назарына ұсынды. Ал, Жаркент қаласында Кеген, Райымбек, Панфилов аудандарының үміткері бақ сынаса, Ұзынағаш ауылында Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарының қатысуымен 8 үміткер жұмысын көрсетті. Бақанас ауылында Балқаш, Кербұлақ, Іле аудандары

мен Қапшағай қаласының қатысуымен ұйымдастырылған шарағаалты үміткер қатысты. Байқаудың аймақтық іріктеу қорытындысы бойынша жалпы 46 киім тігу шебері қатысып, жеті категория бойынша ерлер мен әйелдерге арналған 644 тен астам киім үлгілері көрсетілді. Облыстық кезеңге аталған аудандар мен қалалардан «Үздік» деп таңдалған киім үлгілері ұлттық киімнің сән салтанатын паш етті. Кеш барысында белгіленген номинациялар бойынша жеңімпаздар марапатталып, барлық қатысушы ди-зайнерлер мен тігіншілер ақшалай сыйлықтармен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жоба аясында «Үздік» деп таңылған киім үлгілері Алматы облысының атынан Республикалық байқауға жолдама алды.

Айта кетейік, байқау ұлттық киімдерімізді халыққа насихаттау, оның жаңа үлгілерінің заманауи тұрғыдағы этно-стильде көрсету, қызметте, тұрмыста, мерекеде киетін ұлттық киім үлгілерін жасауды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған.

А. НАЗЫМҰЛЫ.

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗ
ТӨЛҚҰЖАТЫМЫЗ

Қазақстан егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізген соң елдігімізді айғақтайтын ұлттық құндылықтарымыздың бірі ретінде төл теңгеміз дүниеге келді. Егемендігін енді ғана алған, қадамын тәй-тәй басқан жас мемлекет ретінде дәл сол уақытта теңгеміздің дүниеге келуі тәуелге бел байлаумен бірдей еді. Басқа елдің валютасына тәуелді болу – барлық байлығыңды біреудің билігіне беру екендігін жете түсінген Елбасы дербес ел болғанымыздың белгісі ретінде теңгені айналымға жіберді. Бүгінде ұлттық валюта – еліміздің даму көзіне айналды.

Ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға жіберу тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі болды. Қазақтың теңгесі 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. 1997 жылы 13 қарашада Елбасы Жарлығымен алғаш теңгенің айналымға түскен күнін, яғни 15 қарашаны «Ұлттық валюта күні» деп жариялады. Елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан саяси-тарихи тұлғалардың бейнесі бейнеленген теңгені қолына ұстаған әр қазақтың кеудесін қуаныш кернеді. Содан бері бұл күн – мерейлі мерекелеріміздің бірі болып аталып келеді.

Осылайша, қазақ даласының ұлы тұлғалары Әл-Фараби, Абылай, Абай, Жамбыл, Сүйінбай, Шоқандары бейнеленген теңгеміз тәуелсіздіктің көрінісін тағы бір дәлелдеді. Шеттері қазақтың ою-өрнектермен безендіріліп, табиғат көріністері бейнеленіп, Елтаңбамыз салынған теңгеміз Англияда басылып шықты. Теңгені жасауда ең озық технологиялар пайдаланылды. Бұл қадам біздің мәртебемізді өсіріп, абыройымызды асқақтатты. Экономикасының нығаюы жолында жетістіктерге жол ашты.

2006 жылы ұлттық валютаға бірнеше өзгеріс енгізілді. Осыдан кейін Қазақстан өміріндегі әрбір маңызды оқиғаға байланысты жеке банкнот шығару дәстүрі етек алды. Төл теңгеміз халықаралық сыйлықтар иеленгенін

де мақтаншып айта кеткен абзал.

Ұлттық валюта тәуелсіздік алған елдің бірден-бір айрықша белгісі. Теңге - заңды төлем құралы ғана емес, асыл қазынамыз, халық байлығы. Экономикалық қиындыққа қарамастан тәуелсіз еліміздің теңгесі тұғырынан түспеді. Осылайша егеменді Қазақстанның өз валютасы айналымға енуі қаржылай да тәуелсіз екенімізді білдірді. Бүгінде ұлттық валюта өте ыңғайлы және экономикалық негізі бар қаржы құралы болып табылады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

О ВОЗМОЖНОСТИ ПОЛУЧЕНИЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫХ УСЛУГ В ИНСТИТУТЕ СУДЕБНЫХ ЭКСПЕРТИЗ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ФИЗИЧЕСКИМИ И ЮРИДИЧЕСКИМИ ЛИЦАМИ

Социально-экономические процессы, происходящие в обществе обуславливают растущую общественную потребность в высококвалифицированной юридической помощи гражданам и юридическим лицам. У многих граждан и хозяйствующих субъектов зачастую возникают проблемы юридического характера. Защита прав и интересов граждан, в первую очередь, напрямую связаны с обеспечением доказательств. В этой связи особая роль отводится судебной экспертизе, которая является наиболее квалифицированной формой использования специальных знаний.

В целях оказания содействия в получении сведений, необходимых для осуществления защиты законных интересов юридических и физических лиц по их письменным обращениям в территориальных подразделениях Республиканского государственного казенного предприятия «Центр судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан» проводятся специализированные исследо-

вания с использованием научных средств и методов. Порядок и условия оказания специализированных услуг в территориальных подразделениях регламентирует «Положение о порядке оказания платных услуг РГКП «Центр судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан», утвержденное приказом Центра судебных экспертиз №168 от 25 июля 2019 года, которое разработано в соответствии с Законами Республики Казахстан «О государственном имуществе», «О судебно-экспертной деятельности» и Уставом РГКП «Центр судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан». Предоставление платных услуг осуществляется на договорной основе в соответствии с законодательством Республики Казахстан по ценам, утвержденным Министерством юстиции Республики Казахстан. Плата за предоставление услуги в области судебно-экспертных исследований взимается с юридических и физических лиц, не связанных с расследованием уголов-

ных, гражданских и административных дел, возмещаемых за счет средств государственного бюджета.

Для получения услуг в области судебной экспертизы юридические и физические лица обращаются в территориальные подразделения Центра судебных экспертиз с письменным заявлением о проведении необходимых исследований, представляют объекты и иные материалы, необходимые для проведения экспертных исследований и дачи заключения, знакомятся с порядком предоставления, стоимостью, условиями получения и оплаты этих услуг, с последующим и обязательным заключением договора. В договоре определяется наименование и объем оказываемых услуг, условия и сроки их получения, порядок расчетов, права, обязанности и ответственность сторон, а также стоимость платных услуг в соответствии с Прейскурантом цен на платные услуги РГКП «Центр судебных экспертиз». Оплата за предоставленные специализиро-

ванные услуги производится в форме 100% предварительной оплаты безналичным расчетом.

Таким образом, существует реальная возможность получения доказательственной информации путем установления фактических данных на основе специальных научных знаний при возникновении имущественных и наследственных споров, оценки стоимости имущества при его разделе, определении стоимости товаров и услуг, стоимости восстановительного ремонта автотранспортного средства после ДТП и т.д.

Для получения информации по назначению и проведению специализированных исследований просим обращаться по адресу: г.Талдыкорган, п.Отанай, ул.Жасулан 2«б», тел/факс: 8 (7282) 41-04-21, e-mail: taldykorgan@cse.kz

Г.В.САБИТОВА, Д.К.СЕРГАЗИЕВА,
Эксперты Института судебных экспертиз
по Алматинской области

КРУГЛЫЙ СТОЛ НА ТЕМУ «ВЫЯВЛЕНИЕ НАРУШЕНИЙ В РЕЗУЛЬТАТЕ ПРОВЕРКИ НА ПРЕДМЕТ СОБЛЮДЕНИЯ ТРЕБОВАНИЙ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»

В Алматинском областном суде был проведен «круглый стол» в целях обсуждения правил и требований пожарной безопасности, а также по вопросам, касающимся привлечения к ответственности юридических лиц (школ, общеобразовательных учреждений) по статье 462, части 3, КоАП РК.

В мероприятии приняли участие председатель коллегии по гражданским делам К.Досымбет, председатели и судьи Алматинской области, заместитель руководителя Администратора судов по Алматинской области Е.Айтжанов, заведующий канцелярией А.Рахимбаева, и.о. руководителя отдела анализа и планирования М.Канафианова, заместители районных акимов, представители прокуратуры области и руководители отделов департаментов и управлений образования и ЧС.

Главными вопросами, вынесенными на обсуждение, являлись практика рассмотрения дел об административных правонарушениях, предусмотренных частью 3 статьи 462 КоАП Республики Казахстан, о противопожарном состоянии объектов образования Алматинской области, а также актуальные вопросы выявления нарушений в результате проверки на предмет соблюдения требований пожарной безопасности.

Судья Карасайского районного суда Р.Абдолданова в своем докладе отметила, что необходимо поднять вопрос о причинах неисполнения предписаний ЧС Алматинской области, об обеспечении школ средствами противопожарной безопасности и о том, что на данный момент, невзирая на то, что юридическое

лицо не имея финансовых средств, все равно подлежит ответственности.

Начальник Управления снижения рисков бедствий и контроля в области гражданской защиты ДЧС К.Канин выступил с докладом о состоянии по итогам проверок объектов образования Алматинской области, по итогам которой было выявлено 5298 нарушений по требованиям пожарной безопасности.

Основными нарушениями являются отсутствие автоматической пожарной сигнализации, либо ее неисправность, загромождение дверей эвакуационных выходов, хранение горючих материалов и т.д. Кроме того, руководители объектов и должностные лица, ответственные за пожарную безопасность, не проходят обучение по пожарно-техническому минимуму. С работниками образовательных учреждений не проводятся занятия по изучению правил пожарной безопасности и действий при возникновении пожаров.

За невыполнение предписаний сотрудниками районных и городских отделов по ЧС составлено 357 протоколов по статье 462 кодекса РК об административных правонарушениях. Из них судами удовлетворены в пользу Департамента 227 административных дел с привлечением виновных лиц к административной ответственности в виде штрафов на общую сумму 45 миллионов тенге. Данные финансовые средства, как подчеркнул К.Канин, могли бы пойти не на оплату штрафов, а для устранения выявленных нарушений.

По итогам работы «круглого стола» участники обменялись мнениями, задали друг другу интересные вопросы, касающиеся темы мероприятия, вопросы, на которые получили исчерпывающие ответы.



ЗВЕЗДНАЯ ВСТРЕЧА

ФУТБОЛИСТЫ «ЖЕТЫСУ» ВСТРЕТИЛИСЬ С УЧЕНИКАМИ НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН.

Футболисты «Жетысу» встретились с учениками Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган.

Гостями профориентационного проекта «Умный четверг» стали талантливые футболисты Алмат Бекбаев, Мантас Куклис, Ермек Куантаев, Сабырхан Ибраев и Дэвид Мавутор.

Звездных гостей Жетысуской команды ученики встречали у крыльца школы. Для них была организована познавательная экскурсия, ведь в стенах НИШ они впервые. Спортсменов больше всего удивил кабинет робототехники, на стеллажах которых красовались умные машины.

Бурная беседа продолжилась в актовом зале. В формате «пресс-конференции» игроки Жетысуской команды с удовольствием рассказали о своей профессиональной карьере, увлечениях, о фишках в игре с противниками.

Зрелищным моментов встречи стал мастер-класс, затем товарищеский матч команд «Жетысу» и Интеллек-

туальной школы. По словам футболистов, ученики достаточно хорошо владеют мячом, есть вкус в комбинационной игре, а также чувствуется профессиональная подготовка.

- Встречи с болельщиками для нас очень важны. Мы чувствуем поддержку от талдыкорганцев. Мы ценим ваше теплое отношение к команде. Интересно было познакомиться с ребятами, узнать об их учебном процессе, посмотреть их школьную жизнь. Выражаем огромную благодарность организаторам мероприятия за теплый прием и интересные вопросы, которые задавали учащиеся. Нам было приятно побывать в гостях в такой уютной обстановке, - поделился своим мнением Мантас Куклис, литовский футболист, полузащитник казахстанского клуба «Жетысу» и сборной Литвы.

В Назарбаев Интеллектуальной школе города Талдыкорган второй год активно ведется клуб «Юных футболистов», а также был создан фан клуб «Жалын».



КОНФЕРЕНЦИЯ

АУЫЛДЫҢ МӘСЕЛЕСІ



Ал партия қызметінің негізгі бағыты ауылдың тұрмыс-тіршілігі, ауыл шаруашылығы, ауыл тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқаты мәселелерін шешу болып табылады. Бүгінгі күні шамамен 8 млн. адам немесе халықтың 45 пайызы ауылдық жерлерде өмір сүруде. Ендеше, ауыл және Агроөнеркәсіптік кешен, елдің толық ауқымды жаңғыртуын жүзеге асыруда ерекше орын алады.

«Саяси партиялар туралы» Заңға сәйкес, партияның барлық облысында және Республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан мен Алматы және Шымкент қалаларында филиалдары бар.

Соның бірі ретінде «Ауыл» Халықтық Демократиялық патриоттық партиясы Алматы облыстық филиалы да бүгінгі күні өз жұмысын жандандырып келеді. Соңғы үш жылда партияның атқарған жұмысы шаш етекпен. Бұл туралы Тіл сарайында өткен филиалдың Саяси кеңесінің мүшелері және партия белсенділері қатысқан жиында белгілі болды.

Есептік-сайлау конференциясында «Ауыл» Халықтық Демократиялық патриоттық партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қанат БЕКИЕВ 2016-2019 жылдарда атқарған жұмыстары бойынша баян етті. Баяндамашының сөзінше, «Ауыл партиясының Республика бойынша 300 мыңға тарта мүшесі болса, соның 21 мыңнан астамы Алматы облысындағы партия мүшелері. Жетісу өңірінде аудандық, қалалық партия ұйымдарының саны - 17, ал бастапқы партия ұйымдарының саны – 63.

Бүгінгі таңда Республика бойынша партияның Сенаттық, облыстық, қалалық аудандық мәслихаттарында 42 депутаттық мандаты болса, оның 6-уы Алматы облысына тиесілі.

Өз сөзінде Қанат Ботайұлы өңірдің ауыл шаруашылығына қатысты мәселелер туралы аз-кем тоқталды.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында Отандық аграрлық сектордың әлеуетін және біздің аграрлық экспорттық өнімдерді, әсіресе экологиялық таза азық-түлік өнімдерін өндіру бойынша әлемдегі ең ірі өндірушілердің бірі бола алатынымызды атап өтті. Елімізде бүгінгі таңда индустрияландырудың кең ауқымды бағдарламасы аясында Алматы облысындағы агроөнеркәсіп кешенінің дамуы облыс халқының әл-ауқатымен тығыз байланысты. Өйткені халықтың 80 пайызы ауылдық жерлерде тұрады.

Алматы облысы бойынша биылғы жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 586,0 млрд. теңгені құраған. Егін шаруашылығында егістік жерлердің жалпы көлемі 7,1 мың гектарға ұлғайып, 961,4 мың гектарды құрады. Жаңа бақ көшеттері 1171 гектарға отырғызылса, олардың жалпы ауданы 24, 7 мың гектарға жеткен. 138 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру жоспарланса, соның 39 мың гектары биылғы жылдың еншісінде тұр. Қант қызылшасы 14 мың, жүгері 82 мың гектарға жеткізілген. Мәселен, Райымбек ауданында 600 гектар жерге элиталық тұқымды картоп отырғызылды. Шаруаларға көмекке облыс бойынша барлығы 45 сервистік дайындау орталықтары жұмыс істейді. Онда 116 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар.

ОСЫДАН ТӨРТ ЖЫЛ БҰРЫН, НАҚТЫ АЙТСАҚ, 2015 ЖЫЛДЫҢ 5 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕ «АУЫЛ» ҚАЗАҚСТАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫМЕН ҚАЗАҚСТАН ПАТРИОТТАР ПАРТИЯСЫНЫҢ БІРІГҮІ НӘТИЖЕСІНДЕ «АУЫЛ» ХАЛЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ПАРТИЯСЫ ҚҰРЫЛҒАН ЕДІ. ОНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ, АГРАРЛЫҚ КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫ ӘЛИ ӘБДІКӨРІМҰЛЫ БЕКТАЕВ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

Ет-сүт мал шаруашылығын дамыту бойынша бүгінгі күні 68,4 мың басқа арналған 100 бордақылау алаңы жұмыс істейді. Оның ішінде 3,7 мың басқа арналған 5 бордақылау алаңы құрылды. 4,6 мың тонна ет экспортталды.

Жалпы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 36,2 млрд. теңгеге мемлекеттік қолдау көрсетілді. Құны 7,9 млрд. теңге болатын 30 инвестициялық жоба іске қосылды, – дей келе партия филиалының төрағасы «Жасыл экономика» тұжырымдамасы бойынша, Алматы қаласының айналасындағы азық-түлік белдеуін дамыту, тұрғын үй, елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету, шағын және орта бизнес сынды мәселелер төңірегінде де сөз етті.

- 2017 жылдың 15 сәуірінде «Ауыл» ХДПП Төрағасы Қазақстан Республикасы

ұлттық университетінің ғалымдары және Алматы қаласындағы топырақ зерттеу, өсімдік қорғау институтының басшыларымен, болашақ ауыл шаруашылығы мамандарының қатысуымен мал тұқымын асылдандыру, егін көлеміндегі жаңа технологияларды игеру жайында семинар-кеңестер өткізді. Ал 2016-2019 жылдар аралығында партия төрағасы Әли Бектаевтың басшылығымен елді мекендерді аралауда, жергілікті партия филиалдары төрағаларының өңірлердегі сапары кезінде Жетісу өңіріндегі Көксу қант зауыты, Ескелді және Көксу ауданындағы тәтті түбір өндіретін шаруа қожалықтарында болды. Қарасай ауданындағы ет, сүт өндіретін шаруа қожалықтарына ат басын тіреп, Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде облысымыздың партия қатарындағы жастарымен кездесу



Парламенті Сенатының депутаты Әли Әбдікөрімұлы Бектаев «Ауыл Ұлттық Ғылым Академиясының президенті М. Жұрыновпен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Онда Қазақстандағы ғылымның барлық саласын дамытуға, маңызды және перспективалы ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық өзіндік жүйелерді жүзеге асыруға, ел экономикасына ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізуге бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізу қарастырылған. Осы Меморандум аясында партия төрағасы Әли Бектаев мырза Алматы облысында филиал басшыларымен кездесті. Сондай-ақ, Талғар ауданындағы Досмұхамедов Темірхан Мыңайдарұлы басқаратын «Байсерке -Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, Қазақ

өткізді. Осы басқосуларда ауыл еңбеккерлері мен шаруалар қауымының ұсыныстары партия төрағасына жазбаша және ауызша түрде ұсынылған болатын. Атап айтқанда:

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін қаржыландыру проблемалары, несие ресурстарының қол жетімділігінің қиындығы. Бұл мәселе төңірегінде Алматы облысының партия төрағасы ретінде Ауыл шаруашылығы министрлігіне, партияның орталық аппаратына айтылған мәселелерді дер кезінде жеткізіп, Партия төрағасы Әли Бектаевтың қолдауымен бүгінгі таңда шешімін табуда.

2. Ауыл шаруашылығы техникасының жетіспеушілігі, қолда бар техника құрамының моральдық тозу мәселесі төңірегінде Алматы облыстық «Ауыл» партиясы, Кербұлақ, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарымен және Қапшағай

қаласындағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен бірігіп, Алматы қаласындағы ауыл шаруашылығын механизациялау институтында кездесу өткізіп, соя егетін сеялқаға тапсырыс беріліп, биылғы жылы оны шаруашылықтар өз игілігіне жаратуда.

3. Екінші деңгейдегі банктердің қызметі туралы, олардың шағын және орта бизнесті дамытудағы пайдалылығының төмен коэффициенті республика бойынша үлкен мәселе. Бұл біздің облыста да орын алған, яғни, партияның әр жиыны сайын алдымыздан жиі шығатын проблеманың бірі. Мұның түйіні елі тарқатыла қойды деп айту қиын.

4. Ел аумағындағы құрамында сырттан төгі өзгертілген өнімдер (ГМО) айналымын реттеу қажеттілігі;

5. Елді мекендердің экологиялық жағдайы. Бұл мәселе де партияның басты назарында.

6. Алматы облысының су объектілерінің жай-күйі туралы, суармалы судың құнын субсидиялауды Ауыл шаруашылығы министрлігі 50 пайызға түсірген болатын. Осы мәселе төңірегінде Қапшағайдағы «Шеңгелді» суармалы аумағындағы тауар өндірушілері қатты қиналды. Тығырықтан шығудың амалын көздеген партия мүшелері Партия төрағасы Әли Бектаевқа хат жолдап, төрағаның араласуымен бұл мәселе Ауыл шаруашылығы министрлігінде қаралып, бүгінгі күні субсидия көлемі 75 пайызға көтерілді.

7. Жайылымдарды ұтымсыз пайдалану мәселесі бойынша Қоғамдық кеңесте жиі талқылаулар өтті. Облыстық ауыл шаруашылығы басшыларымен тікелей байланыстамыз. Бұл өзекті мәселе күн төртбінен түскен жоқ, – деді Қанат Бекиев.

БАЯНДАМА барысында өңіріміздің елді мекендерінде орын алған түйткілді және шешімін тауып жатқан мәселелер туралы да айтылды.

Жалпы, партия құрылғалы бері атқарып жатқан шаруалары шаш етекпен екенін жоғарыда тілге тиек еткен едік. Баяндамада мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар – органикалық өнімдерді өндіру, шетелден келіп жатқан азық-түлік тауарларының сапасын тексеру жайы да кеңінен айтылды.

- Қазақстанға қазір сырттан төгі өзгертілген өнімдер (ГМО) көптеп келуде.

Оның адам ағзасына пайдасы не зияны туралы ешбір маман айта алмайды. Мұндай өнімдерді шығарудағы мақсат үлкен агрофирмаларға пайда әкелу. Себебі, өнімнің көлемі мен сақталу деңгейі артады. Біздің тиісті заңнама бойынша, өнімдер тегінің өзгеруі шектік деңгейден аспауы керек. Бірақ, соның бәрін қадағалап, жүйелі түрде тексеріп отырған ешбір ұйым жоқ. Олар анда-санда еске түскенде ғана тексеріледі. Себебі, арнайы лабораториялар жоқ. Біздің партия өткізген «дөңгелек үстелде» сарапшылар мен ғалымдардың, мүдделі ұйымдар өкілдерінің басын қосып, осы мәселені талқылаған болатын. Сонда айтылған пікірлер, ұсыныстар жинақталып Партия орталығына ұсынылды. Бізге берілген ақпарат бойынша, олар қабылданып, тиісті

КОНФЕРЕНЦИЯ

«АЛАТАУДА» АЙТЫЛАДЫ

өкімшіліктерге жіберіліп, нақты шаралар қолға алынуда, – деді партия филиалының төрағасы.

ПАРТИЯ жұмысының бір бағыты ауылдың мәртебесін көтеруге арналады. Бұл үшін жыл сайын «Ауылым – алтын тұғырым!» атты тақырыпта Республикалық жас әдебиетшілер арасында байқау да өткізіп келеді. Баяндау есебінде бұл туралы кең көлемде ақпарат берілді. Сонымен қатар, облыс көлеміндегі

жылма-жыл ауыл шаруашылық министрі ауысады. Соған орай бұрынғы бағдарлама орындалмай жатып, жаңасы қабылданады. Өздеріңіз ойлаңыздар, ауыл шаруашылығы саласы бойынша 18 министр ауысыпты, оның әрқайсысы өз бағдарламасын әкеледі. Сонда осы жылдар ішінде сол бағдарламалар шаруаларға қандай өзгеріс, жақсылықтар әкелді деген сұрақ туындайды.

Бүгінгі таңда ең күрделі мәселе, ол дизель

бойынша ауданымызда 150-ден астам жас арнайы сертификат алса, оның басым бөлігі өздерінің кәсіптерін ашуда. Бұл жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайтуға септігін тиісінше анық. Сондай-ақ, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында біздің ауданға да жастар көп келуде. Бұл бағдарлама бойынша берілетін ақша мөлшері арттырылса, ауылдық жерге келетін білікті кадрлар саны арта түсер еді.

«Алатау» газетіне жазылса деген ойын да жасырып қалмады.

Арнайы жиынға қатысушы делегаттар тарапы да ұсыныс-тілектерін айтты. Солардың бірі ретінде **Бердібек НҮСІПОВ** субсидия мәселесіне қатысты арнайы заң шығарылып, бекітілсе, екіншіден, әр ауылға жылына мемлекет есебінен екі үй салынып отырса, үшіншіден, ауылдарда мәдениет үйі, спорт кешендері болса, жайылымды суландыру мәселесі қолға алынса десе, фермерлер одағының мүшесі **Думан МАЙЛЫХАНОВ** студенттік отрядтарды қайта жандандырса деген ұсынысын білдірді.

Конференцияның күн тәртібінде «Ауыл» ХДПП Алматы облысы филиалының Саяси Кеңесінің құрамын сайлауы, «Ауыл» ХДПП Алматы облысы филиалының төрағасын сайлау, «Ауыл» ХДПП XVI съезіне Алматы облысы бойынша делегаттарды сайлау сынды мәселелер де қаралды.

ЖИЫНДА Астанадан арнайы ат арытып келген партия төрағасының орынбасары **Төлеген СЕЙДОМАРҰЛЫ** да жылы лебізін білдіріп, алда келетін Ауыл» ХДПП-ның XVI Съезі туралы тоқталды. Өз сөзінде конференцияда қозғалған барлық мәселені, ұсыныс-тілектерді партия төрағасына жеткізетінін айтты.

Конференцияның күн тәртібіне орай, партия Жарғысына сәйкес, «Ауыл» ХДПП Алматы облысы бойынша филиал төрағасының сайлауы өтті. Филиалдың қазіргі төрағасы Қ.Б. Бекиевті қолдау бойынша жарысөзге «Ауыл» партиясының облыстық мәслихаттың депутаттары Н. Жантілеуов, Б. Жетпісбаев, А. Керімбеков, С. Чукунова, Ж. Садықовалар қатысты.

Айта кетейік, ауылшаруашылық саласында мол тәжірибесі бар Қанат БЕКИЕВ алғашқы еңбек жолын 1976-1977ж. «Қоғалы» совхозының жұмысшысы болып бастаған еді. Одан кейінгі жылдарда ТКО Гвардейск ауданы «Қоғалы» совхозының бас инженер-механигі, Талдықорған облысы Гвардейск АӨБ төрағасының орынбасары, «Қарлығаш» шағын жеке кәсіпорнының директоры, Қапшағай қаласындағы «СК Семиречье» ЖШС Бас директорының орынбасары, Қапшағай қаласы әкімдігінің «Қапшағай қаласының Ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ бас маманы міндетін атқарушы, бас маман, 2015 жылы «Қапшағай қаласының ауыл шаруашылығы

елді мекендерді көгалдандыру бойынша партия филиалы «Өз ағашыңды ек» атты акциясын өткізгенін, осы акция аясында 1000 түп ағаш отырғызылып, бүгінге дейін күтіп-бапталып келетіні де тілге тиек етілді. Ары қарайғы ойын партия төрағасы былайша сабақтады:

- Мұнымен қоса Текелі қаласындағы мүгедек балаларды сауықтыру орталығында қайырымдылық шарасын өткізді. Бұл шараға 500-ге тарта адам қатысып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

